

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсан N 329-І Заңы.

РҚАО-ның ескертпесі!

Келісімге өзгерту енгізу көзделген - ҚР 2010.06.01 № 287-ІV Заңымен.

Мәскеуде 1995 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы
Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет
органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы**

Келісім (ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 1-құжат) (1999 жылғы 19 қаңтарда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж., Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 84 бет)

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, бұдан әрі Тараптар деп аталады, 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидалары мен шарттары туралы Келісім және Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу Шарты / бұдан әрі жалға алу Шарты/ негізінде Тараптардың мүдделерін ескеріп, осы төмендегі Келісімді жасады.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Байқоңыр қаласының мәртебесі

1. Байқоңыр қаласы жалға алу жағдайында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады.

Қаланың аумағында "Байқоңыр" ғарыш айлағының объектілері, сондай-ақ "Байқоңыр" ғарыш айлағының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне және басқа да қала тұрғындарына қажетті тұрмыстық-коммуналдық және мәдени-әлеуметтік жағдайлар туғызатын басқа да объектілері орналасқан.

"Байқоңыр" кешені жалға алынған кезеңде Ресей Федерациясымен қатынасында Байқоңыр қаласына объектілердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қауіпсіздік қызмет етуіне, сондай-ақ азаматтардың тұру жағдайында айрықша тәртіпті Ресей Федерациясының федеральдық маңызы бар қаласына сәйкес мәртебе беріледі.

2. Қалалық әкімшіліктің ғимаратында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Мемлекеттік жалаулары тұрақты түрде көтеріліп тұрады.

2-бап. Байқоңыр қаласының шекарасы

1. Қаланың шекарасы /қаланың шегі/ әкімшілік басқару жүзеге асырылатын аумақты белгілейді.

2. Қаланың шегін белгілейтін ресми құжат болып Байқоңыр қаласының бас жоспары табылады.

3-бап. Байқоңыр қаласы жерінің құрамы және оны пайдалану

1. Қаланың шегіндегі барлық жер жерге меншік құқықтары сақтала тұрып қала әкімшілігінің қарамағында болады.

2. Белгілі бір санатқа жатқызылған жерді нақты пайдалану, қаланың бас жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Қала жерінің кейбір жеке учаскелерін пайдалануға ерекше тәртіп орнатылуы мүмкін.

4-бап. Байқоңыр қаласының тұрғындарының құқықтары

1. Байқоңыр қаласының тұрғыны болып оның аумағында тұратын және Байқоңыр қаласының әкімшілігінде тіркелген (жазылған) Қазақстан Республикасының азаматы немесе Ресей Федерациясының азаматы танылады. "Байқоңыр" ғарыш айлағының тұрақты әскери қызметкерлері /офицерлер, прапорщиктер/ және олардың отбасы мүшелері Байқоңыр қаласының тұрғындарына жатады.

2. Байқоңыр қаласының тұрғындарының саяси көзқарасы, нәсілдік және ұлттық, әлеуметтік тегі, жынысы, әлеуметтік немесе мүліктік жағдайы, тілі, дінге қатынасы жөнінен қандай да болсын құқықтық шектеуге жол берілмейді.

3. Қазақстан Республикасының жоғарғы өкілетті органдарына сайлау кезінде Қазақстан Республикасының азаматтарының дауыс беру құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Байқоңыр қаласының әкімшілігі қала аумағында сайлау комиссияларына сайлауды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсетеді.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет және басқару органдары тұрғындардың бағбандық, бау-бақшалық, ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту, үй және саяжай салу жөнінде халықтың қажеттерін қанағаттандыру үшін қала әкімшілігіне "Байқоңыр" кешенінің аумағынан тысқары жерлерде жер учаскелерін пайдалануға беруде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қабылдайды.

5. Қала тұрғындары Байқоңыр қаласында жұмыс істейтін Ресей сотында, қала әкімшілігінің, оның органдарының және лауазымды адамдардың шешіміне шағымдануына құқығы бар.

5-бап. Қаланың өзін-өзі басқару жүйесі

1. Байқоңыр қаласында қалалық өкілетті өкімет органдары құрылмайды.

2. Қала тұрғындары өзін-өзі басқару құқықтарын жүзеге асырады:

қала аумағында өткізілетін референдум арқылы, сондай-ақ тұрған жерінде азаматтардың жалпы жиналыстарына, конференцияларына қатысу жолымен;

аумақтың қоғамдық өзін-өзі басқару (шағын аудан, тұрғын үй кешендері, махаллалар, үйлер және т.с.с. комитеттері/ органының, сондай-ақ қаланың Қоғамдық кеңесіне осы органдардың өкілдерін сайлауына қатысу арқылы. Халықтың аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарына заңды тұлға құқықтары берілмейді.

3. Байқоңыр қаласының халқының қоғамдық өзін-өзі басқаруының ең жоғарғы органы болып, аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және заңды тұлға ретінде тіркелген кәсіпорындардың өкілдерінен құрылатын, Қоғамдық кеңес табылады.

Қоғамдық кеңес қаланың әкімшілік органдарына, шаруашылық қызметтеріне тұрғын үй қорын пайдалану, құрылыс, аумақтарды көркейту, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сауда және қоғамдық тамақтандыру, көлік, тұрмыстық қызмет көрсету, байланыс кәсіпорындарының жұмыстарын жақсарту, мүгедектерге, зейнеткерлерге, көп балалы отбасыларына, әл-ауқаты төмен халықтың жіктеріне әлеуметтік көмек көрсету, қала дамуының неғұрлым перспективалы бағыттарын анықтау мәселелерін шешуде, сондай-ақ қалалық атқару органдарының бюджеттік қаржының жұмсауына бақылау жасауға көмек көрсету мақсатында құрылады.

4. Қоғамдық кеңестің қызметі Байқоңыр қаласы тұрғындарының конференциясы бекітетін Ережемен реттеледі.

5. Қоғамдық кеңес Қала тұрғындарының конференциясында сайланады. Оның құрылымы және сандық құрамы қала тұрғындарының тілектері ескеріліп қаланың әкімімен белгіленеді. Қоғамдық кеңестің жеке құрамы қала тұрғындарына қала әкімінің өкімімен таныстырады.

2-тарау. Атқарушы өкімет органдары, олардың мәртебесі және құрылу тәртібі 6-бап.

Байқоңыр қаласының әкімшілігі

Байқоңыр қаласының әкімшілігі, бұдан әрі қала әкімшілігі аталады, қала әкімінің тікелей басқаруымен іс-қимыл жасайтын атқарушы өкімет органдары. Қаланың әкімі Ресей жағының ұсынуымен Қазақстан Республикасы Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті бірігіп тағайындайды. Жалға алу келісімі күшінде тұрған кезеңде қаланың әкімшілігін қаланың әкімінің ұсынуымен Ресей Федерациясының Үкіметі құрайды.

7-бап. Қала әкімінің Байқоңыр қаласын басқару мәселелерін шешу жөнінде өкілеттіктері

1. Қала әкімі:

қала шаруашылығындағы салаларды, әлеуметтік саланы басқарудың, қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың құқықтарын қорғауды ұйымдастырудың жобасын бекітеді;

Ресей Федерациясының Үкіметіне қала әкімшілігі құрылымының жобасын, қала әкімі орынбасарларының кандидатураларын, қала бюджетінің жобасын, бюджеттің орындалуы туралы есептерін ұсынады;

Ресей Федерациясының жоғары тұрған ішкі істер органы ұсынған ішкі істер басқармасы бастығының кандидатурасын келіседі;

қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуының қалалық бағдарламалардың жоспарларын, "Байқоңыр" кешенінің Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясының деңгейінде бекітуді талап ететін мәселелері бойынша Үйлестіру кеңесімен келіседі;

мемлекеттік және қоғамдық органдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен олардың қала әкімінің қарауына жататын мәселелер бойынша қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысуы туралы шарттар мен келісімдерді бекітеді; тәртіп қорғау органдарының қызметін үйлестіреді;

Ресей Федерациясының заңдарына сәйкес қызметінің қала халқына маңыздылығына қарай кәсіпорындарға салық және басқа төлемдердің қала қорының кірісіне есептелетін сомасы шегінде салықтық және өзге де жеңілдіктерді береді;

кәсіпорындардың, ұйымдардың, азаматтардың және жергілікті бюджеттің қаражаттарын өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу, жөндеу және ұстау үшін өз еріктерімен қосу туралы шарттарды бекітеді;

шетелдік әріптестерімен қаланың қолда бар валюталық қаржы есебінен және өзге де негізде қала мұқтажына азық-түліктерді сату және сатып алуға шарт жасайды;

шетелдік инвесторлардың қатысуымен халық тұтынатын тауарлар шығаратын және халыққа қызмет көрсету жөнінде бірлескен кәсіпорындар ашу туралы мәселені "Байқоңыр" кешенінің үйлестіру кеңесімен келісіп шешеді;

Байқоңыр қаласының бюджетінің орындалуын ұйымдастырады және банк мекемелеріндегі есепшоттарды ашады және жабады, бюджет орындалуы кезінде несие бөлу міндетін жүзеге асырады;

қала әкімшілігіне берілген объектілерде жаңа өнеркәсіп орындарын орналастыру немесе олардың қызмет ауқымын ұлғайту мәселелері бойынша өкімдер шығарады;

Байқоңыр қаласының бюджетіне түсетін кәсіпорындардың салық төлемдерін шығаратын заттарымен жабуға немесе қызмет көрсетуімен алмастыруға келісім береді;

жиналыстар, бұқаралық жиындар, көшедегі шерулер және демонстрациялар, көпшілік серуендер және ғұрыптық рәсімдер қала аумағында өтетін басқа да көпшілік-қоғамдық шараларды өткізудің белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөнінде гарнизон бастығымен, Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы арнайы өкілімен және қалалық ішкі істер басқармасымен келісіп, шаралар қабылдайды;

кәмелетке жетпеген жасөспірімдер істері жөнінде әкімшілік, бақылау және жергілікті қала басқару саласында өзге де комиссиялар ұйымдастырады;

өзінің орынбасарларының міндеттерін бөліп белгілейді, орынбасарлардың әрқайсысына бекітілетін қала әкімшілігінің органдары мен қызметтерін анықтайды, сондай-ақ қала әкімшілігінің құзырындағы тиісті орынбасар айналысатын мәселелер ауқымын көрсетеді. Қала әкімінің орынбасарлары өздерінің қарауындағы мәселелер бойынша қала әкімшілігіндегі тиісті органдар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті өкімдер шығарады;

егер дүлей зілзала, экологиялық апат, індеттер, өрттер шықса, "Байқоңыр" ғарыш айлағының бастығымен бірлесіп тиісті шараларды жүзеге асыруға өкім шығарады.

2. Қала әкімі өзінің орынбасарларының арасында міндеттерін бөлген кезде оның қарауына жататын қала әкімшілігінің басқармаларының, бөлімдерінің және басқа да бөлімшелерінің басшыларын лауазымға тағайындау, қала әкімшілігінің актілерінің күшін жою, несиелерді бөлу құқығынан басқа кейбір өкілеттіктерін өзінің орынбасарларына беруге құқылы.

3. Қала әкімі қала әкімшілігінің "Байқоңыр" кешенінің үйлестіру кеңесімен, басқа да мемлекеттік және қоғамдық өзін-өзі басқарудың аумақтық органдарымен қатынастарында өкілеттік етеді; сотта, прокуратурада тиісті өкімет және басқару органдарында қала халқының және қала шаруашылығының мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдай алады.

4. Қала әкімі қала әкімшілігі жүйесінде орындаушылық тәртіптің жайына жауап береді.

5. Қала әкімі, қала әкімінің орынбасарлары, басқармалардың, бөлімдердің және басқа да қала әкімшілігі бөлімшелерінің басшылары коммерциялық ұйымдарда қоса атқарылатын жұмыстарды орындауына, сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысуына болмайды.

8-бап. Әкімшіліктің бөлімшелеріне басшылық ету жөнінде қала әкімінің өкілеттіктері

Қала әкімі:

қаланы басқару сызбасына сәйкес басқармалар, бөлімдер және басқа да қала әкімшілігінің бөлімшелерін құру туралы өкімдер шығарады;

қала әкімшілігінің органдары туралы Ережені бекітеді;

қала әкімшілігі органдарының басшыларын тағайындайды;

қала басқармасы аппаратының басқа да лауазымды адамдарын белгіленген тәртіпке сәйкес тағайындайды;

Ресей Федерациясының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес онымен тағайындалған лауазымды адамдарды материалдық және моральдық ынталандыру және оларға тәртіптік жазалау шараларын қолдану құқыларын пайдаланады;

қала әкімшілігіне қарайтын кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың мәртебесін анықтайтын жарғыларын /ережелерін/ бекітеді.

9-бап. Қала әкімінің бақылау жасауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері

1. Қала әкімі оған бағынатын қала әкімшілігі бөлімшелері және органдары басшыларының, сондай-ақ өзі тағайындаған кәсіпорындар басшыларының жұмысына бақылау жасайды, олардың заңдарды орындауына бақылау жасайды және тиісті басшылардың есептері мен баяндамаларын қарайды.

2. Қала әкімі:

қала әкімшілігі органдарының басшыларының актілерін тоқтатуға құқылы;
экологиялық, санитарлық, құрылыс нормалары, жоспарлар және салу қағидалары бұзылған жағдайда қала аумағындағы объектілердің құрылысын және пайдаланылуын тоқтатуға құқылы;

халықты қабылдауды жүргізеді және олардың құқықтары және заңды мүдделері бұзылуына байланысты азаматтардың шағымдары мен өтініштері бойынша шаралардың қабылдануына бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

Байқоңыр қаласының аумағындағы жататын кәсіпорындардың және ұйымдардың шаруашылық және қаржылық қызметін тексеру жөнінде комиссиялар тағайындайды.

10-бап. Қала әкімшілігінің мүліктік құқықтары

1. "Байқоңыр" кешеніндегі объектілерді қабылдау-өткізу актілеріне сәйкес берілген объектілер қала әкімшілігінің пайдалануы мен иеленуіне жатады.

2. "Байқоңыр" кешені жалға алынған кезеңде Байқоңыр қаласында тіркелген Қазақстан Республикасының заңды және заңды тұлға құрмай-ақ, кәсіпкерлікпен айналысып жүрген жеке тұлғалары Байқоңыр қаласының салық органында Ресей Федерациясының заңды және кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғасы ретінде де тіркеледі. Соның өзінде оларда Қазақстан Республикасының тиісті меншік иелерінің мүліктік құқықтары сақталады.

Заңды және жеке тұлғалардан алынатын салықтар, төлемдер, алымдар, баж салықтары қала бюджетіне жіберіледі.

3. "Байқоңыр" кешені жалға берілген кезеңде Байқоңыр қаласының аумағында Қазақстан Республикасының мына мемлекеттік органдары жұмыс істейді: сот, прокуратура, Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің бөлімшесі, "Байқоңыр" кешеніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің арнаулы өкілі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің бөлімшесі (кеден ісі саласындағы функцияларды жүзеге асыруға қатысты бөлігінде), Қызылорда облысы Байқоңыр қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (бұрын болған әскери комиссариаттың функцияларымен), Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшесі, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бөлімшесі,

Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органының өкілі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің бөлімшесі, Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Байқоңырдағы филиалы.

Қазақстан Республикасының аталған мемлекеттік органдары Байқоңыр қаласы әкімшілігінде қайта тіркеуге жатпайды.

Қазақстан Республикасының аталған мемлекеттік органдарының атаулары және (немесе) функциялары өзгерген жағдайда Қазақстан Тарапы бұл туралы Ресей Тарапын дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

Осы тармақта көзделген Байқоңыр қаласының аумағындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тізбесі Тараптар арасында ноталар алмасу арқылы ресімделетін келісім бойынша өзгертілуі мүмкін.

4. Жалға берілген тұрғын үй қорын бөлуді құрамына Ресей Федерациясының әскери-ғарыш күштерінің, Ресей ғарыш агенттігінің, қала әкімшілігінің өкілдері кіретін тұрғын үй комиссиясы жүзеге асырады. Комиссияның шешімдері "Байқоңыр" ғарыш айлағы қызметкері және олардың отбасылары мүшелерін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде ведомстволардың нормативтік қажеттері ескеріліп қабылданады.

5. Қала әкімшілігіне жалға берілген объектілер мен мүліктерге жекешелендіру жүргізілмейді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2016 № 22-VI; 19.04.2019 № 247-VI Заңдарымен.

11-бап. Қала әкімшілігінің жер қатынастар саласындағы құқықтары

1. Қала әкімшілігіне қабылдау-өткізу актілері бойынша пайдалануға берілген объектілердің жер учаскелері қала әкімшілігінің пайдалануында болады.

2. Қала әкімшілігі:

"Байқоңыр" ғарыш айлағының Үйлестіру кеңесімен келісіп қала әкімшілігі тек Үйлестіру кеңесінің келісімімен ғана қосарлы жалға берілетін жер учаскелері мен табиғи объектілердің тізбесін бекітеді;

барлық жерді пайдаланушылардың қала аумағындағы жер мен табиғи ресурстарды пайдалануы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, қаланың Бас жоспарына, сондай-ақ жерді және басқа да табиғи ресурстарды пайдаланудың қалада белгіленген ережелеріне сәйкес болуын бақылауды жүзеге асырады;

қаланың пайдалануына бөлінген жер учаскелерін пайдалануға беру және қайтып алу мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

тұрғын үйді, әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін, соның ішінде мекемелер, кәсіпорындар және ұйымдардың келісімімен үлестік негізде қатысуымен салуға және жөндеуге тапсырушы болады.

12-бап. Байқоңыр қаласының ақшалай қаражаты

1. Қаланың ақшалай қаражаты қала бюджетінің қаржысынан және қала әкімшілігі құрған бюджеттен тыс және валюталық қорларынан құралады. Соның ішінде бюджеттен тыс мақсатты қорлардың қаражаты /зейнетақы, әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыспен қамтамасыз ету, медициналық сақтандыру/ қала бюджеті қаржысының құрамына кірмейді.

2. Қала бюджетінің кірістері мыналардан құралады:

Байқоңыр қаласын ұстауға Ресей Федерациясының федеральдық бюджеті қаржысының түсімдерінен;

Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған Қазақстан Республикасының экологиялық апаттардан зардап шеккен азаматтарына жеңілдіктерді қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті қаржысының түсімдерінен;

Ресей Федерациясының заңдарында қарастырылған ставкалар бойынша жеке адамдарға мүлік салықтарынан, жер салығынан, қала аумағында кәсіпкерлікпен айналысушы жеке адамдардан тіркеу алымынан;

ғимараттарды, құрылыстарды қала әкімшілігінің пайдалануы мен иелігіндегі басқа да мүліктерді қосар жалға беру төлемақысынан;

қалаға тиесілі акциялардан, басқа да құнды қағаздардан, акционерлік қоғамдардағы және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі үлестерден (салымдардан) түскен кірістерден, қала берген заемдардың проценттік төлемдерінен;

салықтардан, соның ішінде қосылған құн салығы, пайда салығы, акциздер, мемлекеттік баж салығы және басқа да қала аумағындағы түсімдерден.

Байқоңыр қаласының бюджет тапшылығы Ресей Федерациясының Үкіметі белгілейтін тәртіппен Ресей Федерациясының федеральдық бюджетінің қаражатынан бөлінетін субсидия, субвенция және дотациялар арқылы жабылады.

3. Кірістердің шығындардан жоспарлаған артығы, сондай-ақ бюджеттің орындалуы барысында кірістердің асып орындалу немесе шығындардың үнемделуі нәтижесінде түскен артығы, бюджетті бекіткенде қала бюджетінде қалады және қала әкімімен қаланың аумақтық және әлеуметтік бағдарламаларын қосымша қаржыландыруға жұмсалады.

4. Қала бюджетінің қаржысын жұмсау Қазақстан-Ресей Үкіметаралық "Байқоңыр" кешені жөніндегі комиссиясының бақылауымен жүзеге асырылады. Қала бюджеті қаржысының пайдаланылуы туралы есепті Ресей Федерациясының Үкіметі бекітеді.

12-1-бап. Тауарларды өткізу және әкелу кезінде жанама салықтарды қолдану

1. Байқоңыр қаласының салық органында тіркелген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға және Қазақстан Республикасының өзге аумағында тіркелген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға арасында жасалатын тауарларды өткізу бойынша айналымдарға (операцияларға) Байқоңыр қаласының аумағынан Қазақстан Республикасының өзге аумағына тауарлар әкетілетін немесе Қазақстан Республикасының өзге аумағынан Байқоңыр қаласының аумағына тауарлар әкетілетін жағдайда - нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) салынады және акцизделетін тауарларға қатысты акциздер төлеуден босатылады. Осындай операцияларды жүзеге асыру кезінде аталған тұлғалардың осы мемлекеттердің аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың шегінен тыс жерлерге экспортталған тауарларға қатысты қолданылатын, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген осыған ұқсас тәртіппен салықтық шегерімдерді (есепке жатқызуларға) жүргізуге құқығы бар.

ҚҚС-тің нөлдік ставкасын қолдану және (немесе) әкетілетін тауарлар бойынша акциздерді төлеуден босату негізділігі осы баптың 5-тармағында көзделген құжаттармен расталады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкелу кезінде салық салынуға жатпайтын (салық салудан босатылатын) тауарларды қоспағанда, Байқоңыр қаласының аумағынан Қазақстан Республикасының өзге аумағына тауарлар әкелуге Қазақстан Республикасының салық органдары өндіріп алатын және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленетін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша жанама салықтар салынады.

3. Қазақстан Республикасының өзге аумағынан Байқоңыр қаласының аумағына тауарлар әкелуге Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Ресей Федерациясының аумағына және оның юрисдикциясында болатын өзге аумаққа әкелу кезінде салық салуға жатпайтын (салық салудан босатылатын) тауарларды қоспағанда, Байқоңыр қаласының салық органы өндіріп алатын Ресей Федерациясының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша жанама салықтар салынады.

4. Байқоңыр қаласының аумағынан Қазақстан Республикасының өзге аумағына (Қазақстан Республикасының өзге аумағынан Байқоңыр қаласының аумағына) тауарларды әкелу кезінде тауарлардың бір заңды тұлға шегінде берілуіне байланысты (Тараптардың заңнамасында осындай тауарларды әкелу (әкету) туралы салық органдарын хабардар ету жөнінде міндеттеме белгіленуі мүмкін) жанама салықтар өндіріп алынбайды.

5. ҚҚС-тың нөлдік ставкасын қолданудың және (немесе) акциздерді төлеуден босатудың негізділігін растайтын құжаттар мыналар:

1) олардың негізінде тауарларды Қазақстан Республикасының өзге аумағынан (өзге аумағына) Байқоңыр қаласының аумағына (аумағынан) өткізу және әкету жүзеге

асырылатын шарттар (келісімшарттар) (егер бұл Тараптардың заңнамасында көзделсе, олардың көшірмелері);

2) егер Тараптардың заңнамасында өзгеше көзделмесе, тауарларды өткізуден түскен түсімнің іс жүзінде түсуін растайтын банктің үзінді көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасы салық органының немесе Байқоңыр қаласы салық органының белгісі бар, тауарды сатып алушының орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша жанама салықтарды төлегені (салық міндеттемелерінен босатылғаны немесе оларды өзге тәртіппен орындағаны) туралы тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініші (бұдан әрі - өтініш) не өтініштер тізбесі (қағаз жеткізгіште немесе салық төлеушінің электрондық (электрондық цифрлық) қолтаңбасымен электрондық түрде). Өтініштің және өтініштер тізбесінің нысандары, сондай-ақ оларды толтыру тәртібі мен форматтары Тараптардың салық органдарының нормативтік құқықтық актілерінде не Тараптардың өзге нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады;

4) Байқоңыр қаласының аумағынан Қазақстан Республикасының өзге аумағына тауарлардың әкетілуін немесе Қазақстан Республикасының өзге аумағынан Байқоңыр қаласының аумағына тауарлардың әкетілуін растайтын көліктік (тауарларға ілеспе) және (немесе) өзге де құжаттар;

5) егер бұл тауарларды әкету кезінде Тараптардың салық заңнамасында көзделсе, КҚС-тың нөлдік ставкасын қолданудың және (немесе) акциздерді төлеуден босатудың негізділігін растайтын өзге де құжаттар болып табылады.

6. Осы баптың 1-3-тармақтарында көрсетілген жағдайларда, тауарларға қатысты жанама салықтарды қолдану және өндіріп алу және Қазақстан Республикасының өзге аумағынан (өзге аумағына) Байқоңыр қаласының аумағына (аумағынан) тауарларды әкелу (әкету) кезінде олардың төлеміне бақылау жүргізу тетігі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген осыған ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының өзге аумағына осы тауарларды әкетпей Байқоңыр қаласының аумағында тауарларды өткізу кезінде жанама салықтар Ресей Федерациясының Салық кодексіне сәйкес қолданылады.

Ескерту. Келісім 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.11.2016 № 22-VI Заңымен.

12-2-бап. Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтарды қолдану

1. Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтарды өндіріп алу, егер бұл аумақ жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылатын жағдайда Байқоңыр қаласының аумағында немесе Қазақстан Республикасының өзге аумағында жүзеге асырылады.

2. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны:

1) егер жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тікелей жылжымайтын мүлікпен байланысты болса, жылжымайтын мүліктің орналасқан орны бойынша айқындалады.

Осы тармақшаның ережелері жылжымайтын мүлікті жалға беру, жалдау және өзге де негіздерде пайдалануға беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қатысты да қолданылады;

2) егер жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тиісті аумақта орналасқан жылжымалы мүлікпен, көлік құралдарымен тікелей байланысты болса, жылжымалы мүліктің, көлік құралдарының орналасқан жері бойынша;

3) егер мәдениет, өнер, оқу (білім беру), дене шынықтыру, туризм, демалыс және спорт саласында қызметтер көрсетілсе, іс жүзінде қызметтер көрсету орны бойынша;

4) егер мынадай қызметтер көрсетілсе:

консультациялық, заң, бухгалтерлік, аудиторлық, инжинирингтік, жарнамалық, дизайнерлік, маркетингтік көрсетілетін қызметтер, ақпаратты өңдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-технологиялық (технологиялық) жұмыстар;

электрондық есептеу машиналарына арналған бағдарламалар мен дерекқорларды (есептеу техникасының бағдарламалық құралдары мен ақпараттық өнімдерін) әзірлеу, осындай бағдарламалар мен дерекқорларды бейімдеу және түрлендіру, сүйемелдеу жөніндегі жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

егер персонал сатып алушының қызмет орнында жұмыс істеген жағдайда, персонал беру жөнінде көрсетілетін қызметтер, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының салық органдарында тіркелу орны бойынша айқындалады.

Осы тармақшаның ережелері:

патенттерді, лицензияларды, мемлекет қорғайтын өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды куәландыратын өзге де құжаттарды, сауда маркаларын, тауар белгілерін, фирмалық атауларды, қызмет көрсету белгілерін, авторлық, сабақтас құқықтарды немесе өзге де осыған ұқсас құқықтарды беру, ұсыну, басқаға беру;

көлік құралдарын жалға беруді, олардың лизингін және өзге де негіздерде пайдалануға беруді қоспағанда, жылжымалы мүлікті жалға беру, оның лизингі және өзге де негіздерде пайдалануға беру;

осы тармақшада көзделген жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін шартқа (келісімшартқа) негізгі қатысушы үшін өзінің атынан тартатын тұлғаның не шартқа (келісімшартқа) негізгі қатысушының атынан басқа тұлғаның қызметтер көрсетуі кезінде де қолданылады;

5) егер осы тармақтың 1 - 4-тармақшаларында көзделмеген жұмыстар орындалса (қызметтер көрсетілсе), сатушының салық органдарында тіркелу орны бойынша да қолданылады.

Осы тармақшаның ережелері көлік құралдарын жалға беру, олардың лизингі және өзге де негіздерде пайдалануға беру кезінде де қолданылады.

3. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орнын растайтын құжаттар:

1) жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шарт (келісімшарт);

2) жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжаттар;

3) Тараптардың салық заңнамасында көзделген өзге де құжаттар болып табылады.

4. Егер салық төлеуші салық салу тәртібі осы баппен реттелетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін орындаған, көрсеткен жағдайда және бір жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу басқа жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өткізілуіне қатысты қосалқы сипатта болған жағдайда, онда негізгі жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны қосалқы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

5. Егер Байқоңыр қаласының аумағы жұмыстарды өткізу, қызметтерді көрсету орны болып танылса, онда жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салықтық база, жанама салықтардың ставкалары, оларды өндіріп алу тәртібі және салықтық жеңілдіктер (салық салудан босату) Ресей Федерациясының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.

Егер Қазақстан Республикасының өзге аумағы жұмыстарды өткізу, қызметтерді көрсету орны болып танылса, онда жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салықтық база, жанама салықтардың ставкалары, оларды өндіріп алу тәртібі және салықтық жеңілдіктер (салық салудан босату) Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес айқындалады.

6. Байқоңыр қаласының салық органында тіркелген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға және Қазақстан Республикасының өзге аумағында тіркелген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға арасында жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтарды қолдану және өндіріп алу және олардың төлеміне бақылау жүргізу тетігі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген осыған ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. Келісім 12-2-баппен толықтырылды - ҚР 24.11.2016 № 22-VI Заңымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

13-бапқа ҚР Президентінің 2008.11.17 N 691 Жарлығымен өзгертулер көзделген.

13-бап Байқоңыр қаласындағы банк жүйесі

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңды және жеке тұлғаларына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Ресей Федерациясының Орталық банкінің мекемелері, Байқоңыр кешенінде өздерінің филиалын ашқан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының басқа да банктері қызмет көрсетеді.

2. Байқоңыр қаласының аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының банктері өздерінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізеді.

Байқоңыр кешені аумағында осы кешен жалға берілген кезеңде жұмыс істейтін және жаңадан ашылған Ресей Федерациясының банктері өздерінің қызметін Ресей Федерациясының заңдарына сәйкес жүргізеді.

Басқа мемлекеттердің банктері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шет ел банкі ретінде ашылады.

"Байқоңыр" кешені аумағындағы Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің банктерінің қызметін қадағалауды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүргізеді.

Ресей Федерациясы банктерінің қызметін қадағалауды Ресей Федерациясының Орталық Банкі жүргізеді.

3. "Байқоңыр" кешенінің аумағында төлем қаржысы ретінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық валюталары жүреді.

4. "Байқоңыр" кешенінің аумағында заңды және жеке тұлғалар арасындағы төлемдердің барлық түрлері қазақстанның теңгесі мен /немесе/ ресейдің рублінде жүргізіледі. Мұнда қандай валютамен төлеу құқығы төлеушінің өз еркінде.

5. "Байқоңыр" кешенінің аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының резиденттерімен Қазақстан Республикасының басқа резиденттерінің арасындағы есеп айырысу Қазақстан теңгесімен жүреді.

Қазақстан Республикасы резиденттерімен және резидент еместермен өзара есеп айырысу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резидент еместері арасында есеп айырысу олардың арасындағы келісімге сәйкес қазақстанның теңгесімен, ресейдің рублімен немесе басқа шет ел валютасымен жүргізіледі.

3-тарау. Ерекше жағдайлар

14-бап. Байқоңыр қаласының іс-әрекетінің ерекше тәртібі

1. Байқоңыр қаласының аумағында "Байқоңыр" ғарыш айлағы объектілерінің, Байқоңыр қаласындағы кәсіпорындардың, сондай-ақ тұрып жатқан азаматтардың қауіпсіз жұмыс істеуін Қамтамасыз ету үшін ерекше тәртіп орнатылады, оған енетіні:

аталған кешеннің шекарасында немесе шегінде бақыланатын және /немесе/ кіруге тыйым салынған аймақты белгілеу;

келуге және кетуге шек қою;

аумағында азаматтардың тұрақты тұруына шек қою;

белгілі бір қызмет түрлерімен шұғылдануға шек қою;

келуге және тұруға шек қойылуына байланысты туындайтын жылжымайтын мүліктерді беру құқығын шектеу.

2. "Байқоңыр" кешенінде тұратын, жұмыс істейтін және қайта оралған азаматтар ерекше тәртіп шарттарымен және оның бұзылғаны үшін жүктелетін жауапкершілікпен таныстырылуы тиіс.

3. Байқоңыр қаласына келудің және "Байқоңыр" ғарыш айлағының объектілерінде жұмыс істеудің ерекше тәртібінің шарттары жеке құжат түрінде ресімделеді, оны қала әкімшілігі барлық кәсіпорындарға, ұйымдарға, өкілдіктерге және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерге жеткізеді.

15-бап. "Байқоңыр" кешенінің Үйлестіру кеңесі

Жалға алу шартының орындалуы кезінде Байқоңыр қаласындағы Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы ұйымдарының, кәсіпорындарының және әскери бөлімдерінің өзара іс-қимыл жасау мәселелерін "Байқоңыр" кешенінің Үйлестіру кеңесі шешеді.

16-бап. Байқоңыр қаласының объектілерін күзету

1. Байқоңыр қаласының аумағына кіру және шығу арнайы жабдықталған бақылау-тексеру пунктерінде құзырлы органдар берген белгіленген арнайы рұқсаттар немесе басқа құжаттар бойынша азаматтардың жеке басының заттары тексерілмей жүргізіледі. Азаматтардың жеке бастарының заттарын, көліктерді тексеру тек құзырлы органдардың арнайы шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

2. Байқоңыр қаласының шекарасын, оның аумағын /әскери мақсаттағы объектілер орналасқан аумақтан басқа/ және азаматтық объектілерді, федеральдық органдардың объектілерін қоса күзетуді қала әкімшілігі ұйымдастырады және бақылайды.

3. Өнеркәсіп орындарының объектілерін күзетуді осы кәсіпорындардың басшылары ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

4. Қала аумағында орналасқан әскери объектілерді Ресей Қорғаныс министрлігінің (Әскери - ғарыш күштері) күші мен қаражаты пайдаланылып күзетіледі. Әскери қызметшілердің тәртіп сақтауының тиісті деңгейін сақтау мақсатында белгіленген тәртіппен гарнизон және карауыл қызметі ұйымдастырылатын жабық гарнизон құрылады. Байқоңыр қаласының тәртіп сақтау органдары мен әскери органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі Ресей Федерациясының заңдарымен, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы тәртіп сақтау органдарымен өзара іс-қимыл жасауы туралы келісімімен, гарнизон бастығының бұйрығымен белгіленеді.

5. Байқоңыр қаласының аумағында қажетті тәртіп сақтау және тұру тәртібін қамтамасыз ету Ресей Федерациясының ішкі істер басқармасына жүктеледі.

Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының тәртіп сақтау органдарының өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілдігі құрылады.

6. Байқоңыр қаласындағы өрт сөндіру қызметі қала әкімшілігімен ұйымдастырылады, қала бюджеті есебінен ұсталатын арнайы штаттық құрылымдарымен жүзеге асырады. Өрттен қорғау міндеттерін шешуге қолда бар ведомстволық өртке қарсы күштер мен қаражат қатыстырылады.

17-бап. Жалпы әлеуметтік өтемақы

Ерекше режим жағдайында тұрғындардың тұруы мен жұмыс істеуі халықтың жоғары деңгейде жабдыкталуы, әлеуметтік қорғау шаралары, мемлекеттік сақтандыру, еңбекақы бойынша жеңілдіктері кіретін жалпы әлеуметтік өтемақы төлеуге жатады.

18-бап. Байқоңыр қаласындағы әскерге шақыру-есепке алу жұмысы

Байқоңыр қаласында әскерге шақыру есепке алу жұмыстарын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери комиссариаттары жүзеге асырады.

19-бап. Қалалық әкімшілігінің ғарыш айлағының қолбасшылығымен өзара іс-қимыл жасауының ерекшеліктері

1. Қалалық әкімшілік пен ғарыш айлағы бастығының өзара іс-қимылының негізі олардың "Байқоңыр" кешені Үйлестіру кеңесіндегі бірлесіп жұмыс істеуі болып табылады.

2. Байқоңыр қаласы мен "Байқоңыр" ғарыш айлағының тіршілік ауқымындағы жедел шешімді талап ететін мәселелер бойынша қаланың әкімі мен ғарыш айлағының бастығы өзара келіскен іс-қимылдарды жүзеге асырады және қаланың тіршілігін қамтамасыз ету қызметімен ғарыш айлағының кезекші ауысымдармен өзара жедел іс-қимыл жасауын ұйымдастырады.

3. Байқоңыр қаласында орналасқан және Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің қарамағындағы "Байқоңыр" кешенінің инфрақұрылымдық жүйелері, объектілері ("Крайний" ұшақ айлағы, темір жол көлігі, байланыс жүйелері, қабылдау-өткізу актілеріне сәйкес басқа да объектілері) қалалық әкімшілігі мен "Байқоңыр" ғарыш айлағының қолбасшылығы жеке келісімде белгіленген тәртіппен пайдаланады.

20-бап. "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру

1. Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының азаматтарын Байқоңыр кешенінде жұмыс істейтін мекемелерге, ұйымдарға және кәсіпорындарға, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің органдарына келісім шартпен қызметке, жұмысқа қабылдау олардың кәсіби біліктері негізінде осы мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың мамандарды іріктеу талаптарына қарай жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтарының Байқоңыр кешенінде жұмыс істейтін кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істеген еңбек мерзімін есептеу Ресей Федерациясының заңдарымен қарастырылған тәртіпте және мөлшерде Байқоңыр қаласына берілетін жеңілдіктер сақталып, жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы азаматының өтініші бойынша көрсетілген еңбек мерзімін есептеуді Қазақстан Республикасының тиісті органдары арқылы Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жүргізілуі мүмкін.

21-бап. "Байқоңыр" кешенін жабдықтауды ұйымдастыру

"Байқоңыр" ғарыш айлағы және Байқоңыр қаласында әлеуметтік экономикалық даму бағдарламаларын орталықтандырылған материалдық-техникалық қамтамасыз ету арнайы шығындар санатынан, ал халықты азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен орталықтандырылған жабдықтау Ресей Федерациясының Үкіметі белгілеген ретте жүзеге асырылады.

22-бап. Төретам және Ақай поселкелік әкімшіліктерінің Байқоңыр әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасауы

Байқоңыр қаласының әкімшілігі Төретам және Ақай поселкелері тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз ету, дәрігерлік қызмет көрсету, жұмысқа орналастыру мәселелері және басқа да әлеуметтік проблемалар бойынша поселкелердің әкімшіліктерімен өзара шарттық негізде іс-қимыл жасайды.

4-тарау. Қорытынды ережелер

23-бап. Келісімнің қолданылу мерзімі

Осы Келісімнің қолданылу мерзімі "Байқоңыр" кешенін пайдаланудың негізгі қағидалары мен шарттары туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы Келісімде және "Байқоңыр" кешенін жалға алудың Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Шартымен белгіленген "Байқоңыр" кешенін жалға алудың мерзімімен айқындалады.

24-бап. Өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгертулер хаттама арқылы ресімделеді, олар осы Келісімнің біртұтас бөлігі болып саналады.

25-бап. Келіспеушіліктерді шешу реті

Осы Келісімдегі ережелерді қолдану және түсінік беруге байланысты келіспеушіліктер Тараптардың келіссөз жүргізуі арқылы шешуге жатады.

Осы Келісім бойынша жұмыстарды үйлестіру және қала әкімшілігінің қызметіне байланысты мәселелерді шешуді "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясы асырады.

26-бап. Келісімнің күшіне енуі

Осы Келісім Тараптар өздерінің қажетті ішкі мемлекеттік процедураларының орындалғаны туралы соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Москва қаласында 23 желтоқсан 1995 жылы орыс және қазақ тілдерінде, әрқайсысы екі данада жасалды. Екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін